

**V сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXV сессиясының "Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету еселігін белгілеу туралы" 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 210 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының X сессиясының 2016 жылғы 15 қарашадағы № 53 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қарашада № 1328 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 224 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 17.04.2018 № 224 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. V сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXV сессиясының 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 210 "Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету еселігін белгілеу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1038 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 мамырда "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасындағы:

"Алушылардың жекелеген санаттары" бағанының 1 жолындағы "7" саны "6" санына ауыстырылсын.

"Әлеуметтік көмектің мөлшері (теңге)" бағанының 2 жолындағы "20,0" сандары "30,0" сандарына ауыстырылсын.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы Х.

Есеноваға және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Р. Тауфиқовке (келісім бойынша) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен соң қолданысқа енгізіледі.

*VI сайланған*

*Алматы қаласы мәслихатының*

*X сессиясының төрайымы*

*VI сайланған Алматы қаласы*

*мәслихатының хатшысы*

*Р. Бадаева*

*Қ. Қазанбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК